



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

Азық-түлік, қызметтер мен тауарлар: Қазақстан өңірлеріндегі баға динамикасы

Астана қ.

2025 жыл, 16 қазан

Қыркүйекте елде жылдық инфляция **12,9%** болды (тамызда – 12,2%). Жылдық инфляция 18 өңірде жеделдеді, біреуінде баяулап, 1 өңірде бұрынғы деңгейде қалды.

Қыркүйекте **азық-түлік тауарларының** бағасы жылдық мәнде 12,7%-ды құрады (тамызда – 11,7%). Осы топтағы тауарлардың бағасы Ұлытау облысында (15,8%) жоғары өсім көрсетсе, Алматы қаласында (9,2%) ең төмен өсім тіркелді.

Қыркүйектің қорытындысы бойынша **азық-түлікке жатпайтын** тауарлардың бағасы жылдық мәнде 10,8%-ға өсті (тамызда – 9,7%). Ең жоғары мән Ақтөбе облысында (13,2%), ең төменгі мән Алматы қаласында (8,6%) тіркелді.

Қыркүйекте **ақылы көрсетілетін қызмет** бағасының өсу қарқыны жылдық мәнде өзгеріссіз қалды – 15,3% (тамызда – 15,3%). Ал, Қызылорда облысында (9,6%) баға жалпы республикалық деңгейден біршама төмен өсті.

Қыркүйекте ел көлемінде **айлық инфляция** 1,1%-ға өсті.

Толық ақпарат: Ұлттық Банктің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz